



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі

2022 жылғы 28 желтоқсандағы
№ ДС-393 хатқа

Кәмелетке толмағандарды автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі бойынша мынаны хабарлаймын.

Балалардың жолдардағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешені ұлттық заңнамада көзделген.

Анықтама: «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексі, «Автомобиль көлігі туралы» ҚР Заңы, Жол жүрісі қағидалары, Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелер, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға арнаулы қызметтер тізбесі (2014 ж. 13.11. №1196 ҰҚ), Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережесі (Индустрия, инфрақұрылымдық даму (бұдан әрі-ИИДМ) министрлігінің 2015 ж. 26.03.№ 349 бұйрығы).

2022 жылы балалардың қатысуымен 3 385 жол көлік оқиғасы тіркелді (2021 жылы - 2 939), оның ішінде 248 бала қаза тапты (2021 ж. – 200), 3 989 бала жараланған (2021 ж. – 3 333).

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында¹ «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы барлық оқу деңгейінде көзделген (*бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік*).

Балаларды тасымалдау бойынша талаптардың сақталуын тексеруді жүзеге асыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Анықтама: 2022 жылы Ішкі істер министрлігімен балаларды тасымалдайтын 3 134 көлік құралы тексерілді, нәтижесінде анықталған кемшіліктерді жоюға 486 нұсқама берілді. ИИДМ 4 652 көлік құралын тексеру кезінде автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау ережелерін бұзғаны үшін 1 732 тасымалдаушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Бұдан басқа, жергілікті атқарушы органдар білім беру мекемелерінің жанында қауіпсіз инфрақұрылым құру жөнінде шаралар қабылдауда.

Анықтама: 5 959 жаяу жүргіншілер өткелі, оның ішінде 1 345 реттелетін, 5 609 – лабиринттік типтегі жаяу жүргіншілер қоршауы, 5 584 метр жасанды жарықтандыру және 3 159 көлік тұрағы. Өнеркәсіптік өндірістегі 4 177 бұзушылықтар және 11 165 «Балалар» жол белгілері орнатылды.

Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларында (2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158) жергілікті атқарушы органдардың

¹ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

білім алушыларды жақын мектепке дейін тегін тасымалдауды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетуге қойылатын талаптар айқындалған.

Анықтама: 2022-2023 оқу жылының басына мектептері жоқ 1 384 ауылдық елді мекен. Оларда мектеп жасындағы 34 644 бала тұрады, олар үшін тасымалдау ұйымдастырылған. Күнделікті тасымалдау 31 741 бала үшін (91,6%) және апта сайын – 2 903 бала үшін (8,4 %). Тасымалдау үшін 1 013 автобус қолданылады.

Балалар жылы аясында Оқу-ағарту министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, 2022 жылы ауылдық мектептерінің автобус паркін (515 автобус) жаңарту жобасын іске қосты. Бүгінгі таңда өңірлерге 153 автобус жеткізілді, қалған 362 автобус 2023 жылдың аяғына дейін мектептерге жеткізіледі.

Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шараларды қатаңдату бөлігінде балаларды тасымалдау қағидаларын қайта қарауға қатысты

Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидаларының 12-тарауында (2015 жылғы 26 наурыздағы № 349) балаларды тасымалдау талаптары айқындалған. Осы тарауда оқу, демалу, туристік-экскурсиялық іс-шаралар, спорттық, мәдени-ағартушылық және басқа да іс-шаралар орындарына балаларды жеткізу үшін бөлінген автобустармен үлкендерсіз сегіз және одан артық балалардың топтарын арнайы тасымалдауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәртібі қарастырылған. Балаларды жаппай тасымалдау кезінде тасымалдаушы Әкімшілік полиция комитетін маршруттағы қозғалысты қадағалауды күшейту және екі және одан артық автобустардың лектеріне жол-патрульдік полициясының арнайы автокөлік құралдарының еріп жүруі туралы мәселені шешу бойынша шаралар қабылдау үшін хабардар етеді.

Сонымен қатар, балаларды тасымалдау үшін бөлінген автобустардың техникалық жай-күйіне, техникалық қызмет көрсету өткізудің көлемдері мен мерзімдеріне, жабдықтарына талаптар күшейтілген.

ИИДМ жолаушылар тасымалы саласындағы бұзушылықтардың алдын алу мақсатында 2022 жылы заңнаманы бұзатын автомобиль жолаушылар тасымалы қызметінің жолын кесу жөніндегі Жол картасын іске асырды. Онда заңнама нормаларын түсіндіру және белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша бірлескен іс-шаралар іске асырылды. Заңнамада белгіленген тәртіппен автомобиль көлігі, автовокзалдар және автостанциялар саласындағы заңнама талаптарының сақталуына бірлескен рейдтік тексерулер жүргізілді.

Автомобиль көлігі саласындағы заңнаманы жүйелі түрде бұзатын ұйымдар мен тұлғаларға қатысты шаралар қабылданды

Жолаушыларды автомобильмен тасымалдау саласындағы бакылау рәсімдерін автоматтандыру бойынша ұсыныстар әзірленді.

Таксиге тапсырыс беру бойынша мобильді қосымшалар қызметін көрсететін ұйымдардың салық заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету бөлігінде мониторинг жүргізілді.

Ауылдық мектептерінің автобус паркін жаңарту жөніндегі жобаны іске асыру шеңберінде балаларды тасымалдаудың барынша қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін сатып алынатын автокөлікке техникалық талаптар әзірленіп, айқындалды.

Сонымен қатар, Үкімет Балаларды зорлық-зомбылықтан, суицидтің алдын алудан қорғау және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын әзірлеу және бекіту бойынша жұмыс жүргізуде. Кешенді жоспардың жобасында техникалық құралдар мен инфрақұрылымды орнату мәселесін шешу, қоғамдық тәртіпті және жол қауіпсіздігін күшейту, көше-жол желісінің пайдалану жай-күйіне мониторинг және талдау жүргізу, жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдарының болуы жөніндегі шаралар қарастырылған.

Сонымен қатар, Үкімет Оқу-ағарту министрлігіне 2025 жылға дейін білім беру объектілеріне іргелес аумақтардың қауіпсіздік талаптарына жауап беретін қажетті жол инфрақұрылымымен 100% қамтамасыз ету жөніндегі егжей-тегжейлі жоспар бекіту туралы тапсырма берілді.

Білім беру ұйымдары басшыларын тағайындау кезінде кәсіби біліктілігімен олардың ұйымдастыру қабілетіне қатысты.

Білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын тағайындау мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін конкурстық негізде лауазымдарға тағайындау, лауазымдардан босату ережесіне сәйкес жүзеге асырылады (*БҒМ 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы*).

Үміткер бірқатар кезеңдерден өтеді – сертификаттау, кәсіби және ұйымдастыру қабілеті білім беру ұйымының қамқоршылық кеңесімен келісу және конкурстық комиссиямен әңгімелесу.

Бұдан басқа, бірінші басшының кәсіби әлеуетін тиімді пайдалану үшін «Білім туралы» ҚР Заңына (*бұдан әрі – Заң*) 2021 жылы «ротация» ұғымы енгізілген.

Осы Заңның нормаларын іске асыру үшін мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидалары қабылданды (*ҚР БҒМ 2021 жылғы 11 қарашадағы № 559 Бұйрығы*).

Ротациялау қағидаларына сәйкес мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысының бір білім беру ұйымында 7 (жеті) жыл жалпы өтілі бар бірінші басшылар жатады.

Осылайша, тиімді басшылар ротацияланады, ал тиімсіз басшылар ротацияланбайды, өйткені олардың қызметінің нәтижелері білім беру сапасын жақсартуды қамтамасыз етпейді. Аттестаттау нәтижелері бойынша үздік директорлар біліктілік санаттарын және тиісінше – жалақыларын арттырады, ал тиімсіз директорлар жұмыстан шығарылуға жатады.

2022 жылы 961 бірінші басшы ротацияланды және жаңа білім беру ұйымдарында жұмыс істейді.

Автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жалғасуда және Үкіметтің ерекше бақылауында.

С. Жұманғарин